


«Назарбаев Университеті»
Басқарушы кеңес Қосымша № 1 дербес білім беру ұйымы
Управляющий совет Приложение № Басқарушы кеңесінің
Managing Council Appendix ЖАРҒЫСЫ «21» 10
№ 2/102 шешімімен бекітілген



**«Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2022 жыл

1-бап. Жалпы ережелер.

1.1. «Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қоры (бұдан әрі – Қор) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы құрған, қордың ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.2. Қор өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

1.3. Қор өз қызметін Қазақстан Республикасында және шетелде жүзеге асырады.

1.4. Қордың қызметі дербестік, өзін-өзі басқарушылық, шешімдер қабылдаудың алқалығы, әлеуметтік жауапкершілік пен ашықтық қағидаттарына негізделеді.

1.5. Қордың атауы:

1) Қордың мемлекеттік тілдегі толық атауы: «Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қоры, қысқартылған атауы – «ӘДҚ» КҚ;

2) орыс тіліндегі толық атауы: корпоративный фонд «Фонд социального развития», қысқартылған атауы – КФ «ФСР»;

3) ағылшын тіліндегі толық атауы: «Social Development Fund» Corporate Fund, қысқартылған атауы – “SDF” CF.

1.6. Қордың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 53.

1.7. Қордың қызмет мерзімі шектелмей құрылған, Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға болып табылады, меншігінде оқшауланған мүлкі болады, өз міндеттемелері бойынша осы мүлікпен жауап береді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие болуы және оларды жүзеге асыруы, міндеттелерді атқаруы, сотта талапкер және жауапкер болуы мүмкін.

1.8. Қордың дербес балансы, өзінің атауымен мөрі, мөртабаны, бланкілері мен эмблемасы болады, белгіленген тәртіппен банктерде, оның ішінде Қазақстан Республикасында да, шетелде де шетел валютасында шоттар ашуға құқылы.

1.9. Қор басқа заңды тұлғаларды құруға немесе құруға қатысуға құқылы.

2-бап. Қор қызметінің мақсаты мен мәні.

2.1. Қордың мақсаты білім беру, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, мәдени, қайырымдылық, инновациялық, басқарушылық, тұрақты даму және басқа да қоғамға пайдалы салаларда қоғамның дамуы, сонымен қатар, осы мақсатта ерікті мүлікті жарналар, заңмен тыйым салынбаған өзге де түсімдер негізінде мүлік калыптастыру болып табылады.

2.2. Қор қызметінің мәні болып табылатындар:

1) Қоғамда Университеттің құндылықтары мен идеяларын жылжыту;

2) Қазақстанда тұлғаның зияткерлік және шығармашылық дамуына жағдайлар жасау;

3) Әлеуметтік, мәдени, білім беру, қайырымдылық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, инновациялық міндеттердің кең ауқымын шешуге арналған үлкен мәнге ие жобаларға қатысу;

4) Әлеуметтік, мәдени, білім беру, қайырымдылық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, инновациялық салаларда стипендиялар, гранттар және басқа да іс-шараларды бекіту, қаржыландыру және/немесе әкімшілік ету;

5) Қор қызметінің осы жарғымен қарастырылған мәніне сәйкес алынған табысты қолдану мақсатында басқарушылық қызметтер;

6) Университет және/немесе оның ұйымдары қызметінің мақсатына жету және іске асыру үшін жеке және заңды тұлғалардан, қоғамдық және өзге де, оның ішінде шетелдік ұйымдардан қаражат тарту (ерікті қайырмалдықтар, демеушілік қаражат, гранттар және т.б.), оның ішінде мақсатты капиталды құру мақсатында (эндаумент), сонымен қатар, фандрайзинг қызметі;

7) Оқытуды, ғылыми-зерттеу және кәсіби тағылымдамалардан өтуді, біліктілікті арттыруды, көрмелер, конференциялар, симпозиумдер және басқа да іс-шараларға қатысуды қаржыландыру арқылы елде жоғары кәсіби және бәсекеге қабілетті кадрларды нысаналы даярлауды қамтамасыз етуге көмек көрсету;

8) Университеттің талантты және дарынды оқушыларының ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру үшін оқушыларды стипендиямен, сондай-ақ атаулы стипендиямен қамтамасыз ету және/немесе оқу кезеңіндегі шығыстарды жабу;

9) Университеттің және/немесе оның ұйымдарының оқушыларын және қызметкерлерін әлеуметтік қамтамасыз ету;

10) Қордың мақсаттарына сәйкес жобаларды енгізу және іске асыру мақсатында заңды тұлғалармен, оның ішінде шетелдік ұйымдармен, заңды тұлғалармен байланыс орнату;

11) Қордың инвестициялық саясатын және Университеттің және/немесе оның ұйымдарының әлеуметтік саясатын іске асыру үшін объектілер құрылысын қаржыландыру және/немесе аяқталған және аяқталмаған құрылыстың жылжымайтын объектілерінде тұрғын және/немесе тұрғын емес үй-жайларды сатып алу;

12) Жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде Университеттің немесе оның ұйымдарының қызметкерлеріне тұрғын және/немесе тұрғын емес үй-жайларды сату, жалға беру, сатып алу құқығымен жалға беру;

13) Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ақшалай түрде заңды тұлғаларға пайызсыз қарыз, сондай-ақ, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру;

14) Қаржылық ұйымдардың, инвестициялық қорлардың акцияларын сатып алу, иемдену, қолдану және иелік ету (тікелей немесе жанама);

15) Бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық қызмет;

16) Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша жобалар мен бағдарламаларды басқару, әкімшілік ету, қаржыландыру, дамыту және үйлестіру;

17) Әлеуметтік зерттеулер мен сауалнамалар жүргізу;

18) Дәрістер, баяндамалар, конференциялар, симпозиумдер, сайыстар, байқаулар және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру;

19) Қорға заңды тұлғалармен басқарылуға берілген объектілерді қосқанда, кеңсе, зертханалық, тәжірибелік-өнеркәсіптік ғимараттар мен үй-жайларды жалға беруге әкімшілік ету;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру.

3-бап. Қордың мүлкін қалыптастыру көздері.

3.1. Қордың мүлкін қалыптастыру көздері болып табылатындар:

1) Құрылтайшыдан түсетін түсімдер;

2) ерікті мүлктік жарналар мен қайырмалдықтар;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатудан түскен түсімдер (кіріс);

4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде));

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер.

3.2. Қорға оның Құрылтайшысымен берілген мүлік Қордың меншігі болып табылады. Қордың мүлкіне Қордың Құрылтайшысының мүлктік құқығы болмайды.

3.3. Құрылтайшы Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Қор Құрылтайшының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4-бап. Қордың басқару органдарының құрылымы.

4.1. Қордың басқару органдары болып табылатындар:

1) жоғары басқару органы – Құрылтайшы;

2) алқалық басқару органы – Қамқоршылық кеңес;

3) атқарушы орган (алқалық) – Басқарма;

- 4) бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы/тексеруші.

5-бап. Құрылтайшы.

- 5.1. Құрылтайшы Қордың жоғары басқару органы болып табылады.
- 5.2. Құрылтайшының құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
- 1) Қордың жарғысын бекіту, сонымен қатар жаңа редакцияда мазмұндау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 2) Басқармамен ұсынылатын қаржы есептілігінің беру тәртібі мен кезеңділігін белгілеу;
 - 3) Бақылау органымен жүргізілетін тексерістің тәртібін айқындау және оның нәтижелерін бекіту;
 - 4) Қордың басқару органдарының құзыреттерін, ұйымдық құрылымын, өкілеттіктерінің құру және тоқтату тәртіптерін белгілеу;
 - 5) Қамқоршылық кеңестің және бақылаушы органның (тексеру комиссиясының/тексерушінің) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 6) Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;
 - 7) Қордың басқа заңды тұлғаларды, өзінің бөлімшелері мен өкілдіктерін құруға немесе олардың қызметтеріне қатысуға шешім қабылдау.
- 5.3. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтарға ие бола алады және міндеттерді атқара алады.
- 5.4. Құрылтайшы Қорды басқару органдарының құзыретінің бөлінуіне қарамастан, Қордың қызметіне қатысты кез келген сұрақтың қарастырылуын өзіне қабылдауға құқылы.

6-бап. Қамқоршылық кеңес

- 6.1. Қамқоршылық кеңес Қордың қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асыратын Қордың алқалық басқару органы болып табылады.
- 6.2. Қамқоршылық кеңес мүшелерін тағайындауды және олардың өкілеттіктерін тоқтатуды, соның ішінде мерзімінен бұрын тоқтатуды Құрылтайшы жүзеге асырады.
- 6.3. Қамқоршылық кеңестің сандық құрамы кем дегенде 3 (үш) адамнан құралады.
- 6.4. Қамқоршылық кеңестің құрамына Қамқоршылық кеңес Төрағасы мен оның мүшелері кіреді:
- 6.5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл болып табылады.
- 6.6. Қамқоршылық кеңестің отырыстары қажетіне қарай, бірақ жылына бір реттен кем емес өткізіледі.
- 6.7. Қамқоршылық кеңестің кез келген мүшесі, осы Жарғының ережелерін ескере отырып, Қамқоршылық кеңес отырысын өткізуге бастамашылық жасай алады.
- 6.8. Егер Қамқоршылық кеңестің отырысына Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, оның отырысы заңды болып табылады.
- 6.9. Қамқоршылық кеңестің шешімдері отырысқа қатысқан мүшелердің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Қордың Қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қамқоршылық кеңестің бір мүшесінің дауысын екінші мүшеге немесе үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады. Дауыстар тең болған жағдайда Қамқоршылық кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 6.10. Қамқоршылық кеңестің шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің сырттай дауыс беруді өткізу ерекшеліктері Қамқоршылық кеңес туралы ережеде белгіленеді.
- 6.11. Қордың Қамқоршылық кеңесі отырыстарының хаттамасына Қамқоршылық кеңестің төрағасы және хатшысы қол қояды.
- 6.12. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қамқоршылық кеңестің отырыстарына төрағалық етеді және осы Жарғы мен Қамқоршылық кеңес туралы ережеде көзделген функцияларды жүзеге асырады.

7-бап. Қамқоршылық кеңестің құзыреті

7.1. Қордың Қамқоршылық кеңесінің құзыретіне мыналар жатады:

- 1) Қордың атқарушы орган мүшелерін тағайындау (сайлау) және қызметінен босату, сонымен қатар мерзімінен тыс босату, осы Жарғыға сәйкес атқарушы орган мүшелеріне сыйақы төлеу және/немесе еңбекақы төлеу және сыйлықақы берудің мөлшері мен талаптарын белгілеу
- 2) комитеттерді құру туралы шешімдер қабылдау, комитеттер туралы ережелерді бекіту, комитеттердің төрағалары мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ комитеттердің қызметін бақылау;
- 3) келесілерді бекіту:
 - Қордың даму стратегиясы;
 - Қордың есеп саясаты;
 - Қордың инвестициялық саясаты;
 - Қордың мүдделер қайшылығын реттеу саясаты;
 - жылдық және/немесе орта мерзімді Қордың бюджеті, сондай-ақ оған түзетулер;
 - Қордың іскерлік әдеби кодексі;
 - Қордың ұйымдастырушылық құрылымы мент штаттық кестесі;
 - Қордың мүлігін қолдану жөніндегі есеп;
 - жылдық аудиттелген қаржылық есептілік;
 - Қордың бюджеттендіру ережесі;
 - Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесі;
 - Қор қаражатын тұтыну туралы ереже;
 - Қордағы тәуекелдерді басқарудың кіріктірілген жүйесі туралы ереже;
 - Қамқоршылық кеңес пен атқарушы орган туралы ережелерді;
 - Қордың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру туралы ереже;
 - Қор қызметкерлері іс-әрекеті тиімділігінің тұтқалы көрсеткіштері туралы ереже;
 - Қордың қызметкерлеріне сыйақы беру туралы ереже;
 - Қор қызметі туралы ақпаратты ұсыну, жариялау тәртібі;
 - Қордың жылжымайтын және/немесе жылжымалы мүлікке құқық иелену және иеліктен шығару ережесі;
 - Қор мүлкіне иелік ету ережесі;
 - Қордың басқа да ішкі құжаттары.
- 4) Қордың оның жарғылық мақсаттарына сәйкес іс-әрекетіне бақылау жүргізу;
- 5) ақшалай түрде заңды тұлғаларға пайызсыз қарыз беру бойынша шешімдер қабылдау;
- 6) Қордың жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүлікке құқық иелену және иеліктен шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) Қор мүлкіне иелік ету туралы шешім қабылдау,
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қамқоршылық кеңес туралы ережеге сәйкес басқа да шешімдер қабылдау.

7.2. Құрылтайшының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қамқоршылық кеңес Қор қызметіне байланысты кез келген мәселелерді өз қарауына қабылдауға құқылы.

7.3. Қамқоршылық кеңестің жанынан құрылатын комитеттердің құрамы, қызметі және шешімдері Университеттің мақсаттары мен міндеттерін көздеуі тиіс.

8-бап. Басқарманы қалыптастыру тәртібі.

Басқарма Төрағасының құзыреті.

8.1. Басқарма Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Қордың алқалық атқарушы органы болып табылады және Заңмен, осы Жарғымен және Қордың ішкі құжаттарымен Қордың басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне

жатқызылмаған Қор қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға, Қордың ішкі құжаттарын бекітуге құқылы.

8.2. Басқарманы Басқарма Төрағасы (бұдан әрі – Басқарма Төрағасы) басқарады. Басқарма Құрылтайшының және Қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындайды, Құрылтайшыға және Қамқоршылық кеңеске есеп береді және оған жүктелген міндеттердің орындалуы үшін олардың алдында жауап береді.

8.3. Басқарманың құрамына Басқарма Төрағасы, Басқарма Төрағасының орынбасарлары, сондай-ақ Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қордың өзге де лауазымдық тұлғалары кіреді.

8.4. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері осы Жарғыда, Басқарма туралы ережеде, сондай-ақ олардың әрқайсысы Қормен жасасқан еңбек шартында айқындалады. Қордың атынан Басқарма Төрағасымен және Басқарманың басқа да мүшелерімен еңбек шартына Қамқоршылық кеңестің төрағасы немесе осыған Қамқоршылық кеңес өкілеттік берген тұлға қол қояды.

8.5. Басқарма Төрағасы және Басқарма мүшелері оларға жүктелген міндеттемелерді орындау кезінде өз әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен келтірген шығын үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

8.6. Басқарма Төрағасы Басқарманы басқарады, осы Жарғыда белгіленген Қор қызметінің мақсаттарына сәйкес Қор қызметінің сапасы мен тиімділігі үшін жауап береді.

8.7. Басқарма Төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Басқарманы басқарады, оның жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Құрылтайшының және Қамқоршылық кеңес шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) барлық мемлекеттік органдарда, мемлекеттік және басқа, оның ішінде шетелдік ұйымдарда Қор қызметінің барлық мәселелері бойынша оның мүдделерін білдіреді;
- 4) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қордың атынан сенімхатсыз әрекет етеді, оның ішінде Қордың атынан мәмілелер жасайды;
- 5) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қорды білдіру құқығына сенімхаттар береді;
- 6) Қордың банктік және басқа да шоттарын ашады;
- 7) штат кестесін бекітеді;
- 8) Қор қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, басқа жұмысқа ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын, тәртіптік жазаларды қолданады, Қор қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, Қордың штат кестесіне сәйкес Қор қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілейді және Басқарма мүшелері мен Тексерушіні қоспағанда, Қор қызметкерлерінің сыйлықақы мөлшерлерін айқындайды.
- 9) Қордың жұмыс істеу тәртібін белгілейді;
- 10) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерінің орындалуын Басқарма Төрағасы орынбасарларының біріне жүктейді;
- 11) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер аясын және жауапкершілікті бөледі;
- 12) бұйрықтар, өкімдер шығарады;
- 13) осы Жарғымен және Қордың басқа органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне Қордың ішкі құжаттарымен қарастырылмаған ішкі құжаттарды бекітеді;
- 14) өз құзыреті шегінде Қордың жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес Қор қаражатының пайдаланылуы үшін жеке жауап береді;
- 15) осы Жарғыда, Құрылтайшының және Қамқоршылық кеңестің шешімдерінде белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8.8. Басқарма Төрағасының шешімімен Басқарма Төрағасының орынбасарларына Басқарма Төрағасының жекелеген өкілеттіктері берілуі мүмкін.

9-бап. Басқарманың құзыреті.

9.1. Басқарманың құзыретіне:

- 1) Құрылтайшының, Қамқоршылық кеңестің өкілеттігіне жатқызылмаған Қор қызметінің барлық мәселелерін шешу;
- 2) Қордың инвестициялық саясатын әзірлеу және іске асыру;
- 3) Қордың стратегиялық дамуын әзірлеу және іске асыру;
- 4) Қордың есеп саясатын әзірлеу және іске асыру;
- 5) жылдық және/немесе орта мерзімді бюджетті әзірлеу, Қамқоршылық кеңеске бекітуге ұсыну, іске асыру;
- 6) Қор құрған заңды тұлғалардың, Қордың филиалдары мен өкілдіктерінің қызметіне бақылауды жүзеге асыру;
- 7) Іс-сапарлар және Қордың өкілдік шығыстарына бөлінетін қаражатты қолдану туралы ережелерді бекіту жатады.
- 8) Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарды қызметінің мәселелері бойынша басқарудың жоғары органаның/акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің)/қатысушылар (жалғыз қатысушы) жиналысының/ осы заңды тұлғалардың құрылтайшысының құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау.

10-бап. Сыртқы аудиторлық ұйым.

10.1. Қордың қаржылық қызметін аудиттеуді сыртқы аудиторлық ұйым жүзеге асырады. Сыртқы аудиторлық ұйым жүзеге асыратын Қордың қаржы қызметінің аудит нәтижелері Құрылтайшы белгілеген ретте Қамқоршылық кеңеспен бекітіледі.

10.2. Сыртқы аудиторлық ұйым Қор қызметінің қаржылық қызметін жыл сайынғы аудиттеуді жүзеге асырып, аудит нәтижелері бойынша қорытындыны Қамқоршылық кеңеске ұсынады.

10.3. Қордың қаржы қызметін аудиттеуді бір сыртқы аудиторлық ұйым қатарынан 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге жүзеге асырады.

11-бап. Бақылаушы орган (тексеру комиссиясы/тексеруші) және оның құзыреті.

11.1. Бақылаушы орган (тексеру комиссиясы/тексеруші) қызметінің тәртібі Құрылтайшымен бекітілген Бақылаушы орган (тексеру комиссиясы/тексеруші) туралы ережемен немесе Құрылтайшының Бақылаушы органы туралы үлгілі ережесімен анықталады.

12-бап. Қордың Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі.

12.1. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу, сондай-ақ Жарғыны жаңа мазмұнда қабылдау Құрылтайшының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

13-бап. Қордың филиалдары мен өкілдіктері.



13.1. Қор қолданыстағы заңнамаға және Құрылтайшының шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдарды құруға және өкілдіктерді ашуға құқылы.

13.2. Филиалдар мен өкілдіктер Қордың атынан қызмет атқарады. Қор Қордың филиалы мен өкілдігінің қызметіне жауапты.

14-бап. Қорытынды ережелер.

14.1. Қор таратылған жағдайда кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік жарғылық мақсаттарға бағытталады.


Құрылтайшының атынан және тапсырмасы бойынша:

прошнуровано, пронумеровано

на 15 листах

(2 на казахском, 2 на русском)



15 (on 2cc)
14 10 88